

Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауын талқылау

2017 жылдың 8 ақпанында экономикалық факультеттің 07-509-14-08 Қаржы тобының 3 курс студенттері топ кураторы э.ғ.к., аға оқытушы Д.А.Тлеужановамен бірге "Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" атты Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауын талқылауға байланысты ашық кураторлық сағат өткізді.

Кураторлық сағаттың мақсаты - студенттерге әлеуметтік маңызды азаматтық және патриоттық құндылықтарды, көзқарастарды және сенімді баулу үшін, ҚР Президентінің Жолдауымен таныстыру және оның негізгі бағыттарын талқылау.

Ашық кураторлық сағатқа "Қаржы" кафедрасының меңгерушісі З.А.Баймағамбетова, Экономикалық факультеттің тәрбие жөніндегі декан орынбасары Д.С.Құрманова, кафедра аға оқытушысы О.В.Мисник, А.А.Бейсембаева қатысты.

Студенттер алдындағы өзінің баяндамасында топ кураторы Д.А.Тлеужанова, Ұлт жоспары – «100 нақты қадам» базасындағы ел экономикасын жаңғыртуды жоғары бағалап, ұсынылған бес негізгі басымдықтарды, біздің Президентіміздің көрегендігі мен стратегиялық даналығының сенімді дәлелі екендігін айтып өтті.

Топ студенттері А.Ақылжанов пен А.Аққожина ҚР Президентінің Жолдауының басымды бағыттарын баяндап өтті. Осы бағыттар бейнеленген шағын бейнеролик ұсынылды. Сондай-ақ, студенттер Жолдаудың негізгі бағыттарын және Қазақстан Республикасының стратегиялық даму бағдарламаларын білуге бағытталған викторина өткізді.

Өз баяндамасында кафедра меңгерушісі З.А.Баймағамбетова Жолдауда көрсетілген Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін, әсіресе жаһандық дағдарыстың ықпалы жағдайында оңтайландыруға бағытталған негізгі міндеттерге тоқталып өтті. Ол студенттерді осы міндеттерді жүзеге асыруға ат салысуға, ел экономикасын дамытуға жас ұрпақтың үлесін жоғарылатуға шақырды.

